

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ**  
**Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 4**

Өткізілу күні: 27 наурыз 2023 ж  
Уақыты: 15:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.  
Хатшы: Байдуллаева А.Б.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер :**

1. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы аясында, атқарылып жатқан іс-шаралар. Мектеп - гимназия директоры: Культаева Э.К.
2. «ІІІ-тоқсанның қорытындысы. Білім сапасы Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасарлары: Абдуллина А.Б. Жакуда Г.Н.
3. «Құқық бұзушылық, кешкі мезгілдегі рейд.» ІІІ-тоқсанда тәрбие жұмысы бойынша өткізілген жұмыстың қорытындысы, өтіп жатқан шараларға сыныптардың қатысымына мониторинг жүргізу. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а: Каналина Ж.А.
4. Аттестацияның өзгерістерімен таныстыру, біліктілік арттыру курсы бойынша өзгерістерге тоқталу. ІІІ-тоқсан бойынша педагогтардың кәсіби байқауларға қатысымына мониторинг жүргізу. Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т.
5. «ІІІ-тоқсанда Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы, мониторинг.» Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.
6. «Буллинг, кибербуллинг жағдайларын алдын алу жолдары.» Мектеп психологы : Каймолдина М.Е.
7. «Мұқтаж отбасыларға көмек беру жұмыстары»: Мектептің әлеуметтік педагогы: Мамбеткулова А.К.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:** Мектеп - гимназия директоры: Культаева Э.К. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы аясында, атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде қысқаша айтып өтті.

**2-мәселе бойынша:** Директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасарлары: Абдуллина А.Б. Жакуда Г.Н. «ІІІ-тоқсанның қорытындысы. 3-тоқсан қорытындысы бойынша 2-11 сыныптар аралығында барлығы 503 оқушы білім алады. Оның ішінде 97 үздік, 155 жақсы, 251 үлгерімі орташа/төмен оқушы бар. Жалпы білім сапасы – 50%. Сыныптар бойынша: 2 «А» сыныбы: білім сапасы – 71,43%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,57% өскен. 13 үздік, 7 жақсы оқушы бар. Н.Рай оқу үлгерімі жоғарылаған (жақсы, дүниетану, қаз.тілі, математика пәндері).

2 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 46,15% өзгеріссіз. Бір пәннен «3» деген бағасы бар оқушылар: Ж.Аманқосқызы (қазақ тілі), М.Жайшылық (орыс тілі), Д.Маралов (орыс тілі), Н.Өмірғали (орыс тілі), Ш.Рыскелді (орыс тілі).

2 «Б» сыныбы: білім сапасы – 61,54%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 7,69% өскен. 4 үздік, 4 жақсы оқушы бар. С.Кушкинбаев оқу үлгерімі жоғарылаған (жақсы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен).

2-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 59, 7%

3 «А» сыныбы: білім сапасы – 63, 64%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 1,74% өскен. 12 үздік, 2 жақсы оқушы бар.

3 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 55%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 7,63% өскен. 6 үздік, 5 жақсы оқушы бар. Тоқсан басында жаңадан қосылған оқушы Н.Мухитова үлгерімі жақсы, Е.Елбол оқу үлгерімі жоғарылаған (жақсы, жаратылыстану, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі).

3 «Б» сыныбы: білім сапасы – 57,14%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 7,14% өскен. 5 үздік, 3 жақсы оқушы бар. С.Умирзаков оқу үлгерімі жоғарылаған (жақсы, шет тілі).

3-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 58,93%



4 «А» сыныбы: білім сапасы – 52,17%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 8,7% төмендеген. 8 үздік, 4 жақсы оқушы бар. 2 оқушының үлгерімі төмендеген, А.Қанат (барлық сабақ бойынша «3», тек шет тілі «4»), Б.Самиғолла (2 пәннен «3» әдебиеттік оқу, қазақ тілі).

4 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 58,33%, өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз.

4 «Б» сыныбы: білім сапасы – 40%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 2,5% өскен. Бұл сыныптағы оқушы санының кемуіне байланысты (М.Жайшылық), оқушылардың үлгерімінде өзгеріс жоқ.

4-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 51,61%

Жалпы бастауыш буын бойынша білім сапасы – 56,76%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 1,58% өсім бар.

5 «А» сыныбы: білім сапасы – 33,33%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,7% төмендеген. 4 үздік, 5 жақсы оқушы бар. 2 оқушының үлгерімі төмендеген, Н.Жұмабек (қазақ әдебиеті, қазақ тілі, шет тілі «3» шыққан), А.Оспан – бір пән үш (Қазақстан тарихы). Бір пәннен үші бар оқушылар: А.Досалин (шет тілі), Н.Сағындық (шет тілі).

5 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 44,44%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,7% төмендеген. 4 үздік, 8 жақсы оқушы бар. 1 оқушының үлгерімі төмендеген, М.Серік (бір пән математика «3» шыққан). Бір пәннен үші бар оқушылар: С.Егізбай (математика), А.Рахман (жаратылыстану).

5-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 38,89%

6 «А» сыныбы: білім сапасы – 46,15%, өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз. Бір пәннен үші бар оқушылар: Айтуған Даулет (математика)

6 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 48,15%, өткен тоқсанмен салыстырғанда өзгеріссіз.

6-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 47,17%

7 «А» сыныбы: білім сапасы – 54,55%; өткен тоқсанмен салыстырғанда 6,93% өскен. 5 үздік, 7 жақсы оқушы бар. Сыныпқа бір үздік оқушы қосылған Н.Асылбек, Е.Марал үлгерімі жоғарылаған (жақсы, биология, физика).

7 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 50%; өткен тоқсанмен салыстырғанда 4,55% өскен. 4 үздік, 7 жақсы оқушы бар. А.Русланқызы үлгерімі жоғарылаған (жақсы, алгебра, геометрия, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі).

7-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 52,27%

8 «А» сыныбы: білім сапасы – 48,28%, өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,45% өскен. Үздік оқушы жоқ, 14 жақсы оқушы. Маратов үлгерімі жоғарылаған (орыс тілі, шет тілі). Капиева (алгебра, физика, химия), Курмантаев (алгебра, география, геометрия) үлгерімі төмен.

8 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 32,14%, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 1,19% төмендеген. Бір оқушы кеткен (Д.Шынжырбай)

8-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 40,35%

9 «А» сыныбы: білім сапасы – 53,85%, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 2,15% төмендеген. Сыныптағы оқушы саны 1 оқушыға көбейген (Сермағамбет А)

9 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 33,33%, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 1,42% көбейген. Сыныптағы оқушы саны 1 оқушыға азайған. Бір «3» деген бағасы бар А.Жолмурзаев (биология).

9-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 45,45%

10 «А» сыныбы: білім сапасы – 64,71%, өткен тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы 5,89% көбейген. Е.Қайырбай қосылды.

10 «Ә» сыныбы: білім сапасы – 42,86% өзгеріссіз. Бір пәннен «3» С.Нурмуханова (биология); М.Серік (информатика).

10-сыныптар бойынша жалпы білім сапасы – 52,63%

11 сынып бойынша білім сапасы – 53,57% өзгеріссіз.

**3-мәселе бойынша:** Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а:Каналина Ж.А. «Құқық бұзушылық,кешкі мезгілдегі рейд.» III-тоқсанда тәрбие жұмысы бойынша өткізілген жұмыстың қорытындысы,өтіп жатқан шараларға сыныптардың қатысымына мониторинг жүргізу. Құқықбұзушылықтың алдын алу. №7 Хромтау мектеп –гимназиясы бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша бірнеше іс-шаралар өткізілді:

- Ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.
- Ер балалар клубы аясында ұлдар жиналысы өткізілді.
- « Жемқорлыққа жол жоқ» атты тәрбие сағаттары
- « Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты эссе байқауы



- Аудандық прокуратурасымен, АББ-мамандарымен 8-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Түңгі рейд. Республикалық деңгейде Түңгі рейд жұмыстары жүріп жатыр. Түңгі уақыт 22:00-6:00-ге дейінгі уақыт. Осы рейд барысында мектебіміздің 9ә сынып оқушысы Байгельдтин Ерасыл бей мезгіл уақытта ата-анасыз жүргені үшін ұсталды. Ұсталған себебі: Рамазан айына байланысты, кешкі тарауық намазына ата-анасыз қатысқаны үшін. Сол себепті барлық класс жетекшілер назарына оқушылардың түңгі уақытта мешітке бармауларын қадағалауларыңызды сұраймын.

III – тоқсан бойынша төменде өткізілген іс-шараларға қатысқан сыныптарға жүргізіліген мониторинг қорытындысы:

1-4 сыныптар аралығында белсенді сыныптар: 1а,2а,4а,4ә 3б

5-11 сыныптар аралығында белсенді сыныптар: 10а,9а,11сыныптар

**4-мәселе бойынша:** Директордың ғылыми - әдістемелік жөніндегі орынбасары: Алмаханова Л.Т. Аттестацияның өзгерістерімен таныстыру, біліктілік арттыру курсы бойынша өзгерістерге тоқталу. III-тоқсан бойынша педагогтардың кәсіби байқауларға қатысымына мониторинг жүргізу. Биылғы 2022-2023 оқу жылының ақпан айында мектебімізден 12 педагог санатын көтеруге өтініш білдірді. Оның ішінде 1-зерттеуші, 5 - сарапшы, 6 – модератор. Қазіргі таңда бұл педагогтар аттестаттаудың 1-кезеңінен өтіп отыр, яғни электронды портфолио арқылы жинақталған құжаттарын комиссия мүшелеріне тапсыру арқыры бағаланып, 11- педагог өтіп, 1-педагог өтпей қалып отыр себебі белгісіз болып тұр. Енді осы өткен педагогтар аттестаттаудың 2- кезеңіне ПББ тапсыруға дайындық үстінде. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрықта көрсетілген өзгерістерге келетін болсақ:

Педагогтер: күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – ақысыз;

күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;

сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде. Сынақ/ақылы тестілеу нәтижелері аттестаттаудан өту үшін негіз болып табылмайды

**ПББ келесі тест тапсырмаларынан тұрады:**

**1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы» – жиырма тапсырма;

«Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу» – он тапсырма;

**2) Бастауыш білім беру педагогтері:**

«Пәндік білім» (қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі бойынша), әдеби оқу, математика) – отыз тапсырма; «Оқыту әдістемесі» – жиырма тапсырма

**3) Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен басқа):**

«Пәндік білім» – отыз тапсырма; «Оқыту әдістемесі» – жиырма тапсырма

Бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жана жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді. Біліктілік санатын арттыру кезінде жалпы негізде өтеді. Ескі жүйе бойынша «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагогтер «педагог-модератор» біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді. «Педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді. Қайта даярлау курсына келетін болсақ базалық курстар қазіргі таңда үш жылға ғана жарамды болып саналып отырғандықтан, 2020 жылы қайта даярлау курсынан өткен педагогтар 2023 жылы қайта курстан өтуі тиіс, өйткені уақыты жарамсыз болып қалады. Сонымен қатар педагогтардың үшінші тоқсан бойынша жасалған жұмыстарына мониторинг жүргізілді. Өлшеуіш бойынша бағалау : Мектепішілік – 5 б ,Аудандық – 10 б Облыстық – 15 б ,Республикалық – 20 б ,Халықаралық – 25 б Қорытындысына келетін болсақ:



Бас жүлде -	250 б	Рскалиева Гүльсезим Маликовна
1 –орын	145 б	Биржанов Рустам Айтуганович
	145 б	Сатмагамбетова Бакытгул Тлеужанқы
	145 б	Жаркимбаева Зауреш Сериковна
2- орын	130 б	Исмагамбетова Жұлдуз Уйтолиевна
3- орын	105 б	Бртаева Жанара Кусмановна - баллдық жүйе бойынша бағаланып отыр.

**5-мәселе бойынша:** Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. «ІІІ-тоқсанда Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың қорытындысы, мониторинг.» №7Хромтау мектеп-гимназиясының дарынды оқушыларымен 2022-2023 оқу жылының ІІІ-тоқсанында жүргізілген жұмыстар бойынша таныстырып өтті. Барлық байқауларға мектебімізден оқушылар уақытылы қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болғаны туралы тілге тиек етті.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы бұйрығына сәйкес, өтетін барлық ғылыми жобалармен шығармашылық байқауларға оқушыларды көбірек қатыстыру керектігіне баса назар аудару керектігіне тоқталды. Бүгінгі таңда оқушылар мен мұғалімдер ақылы байқауларға көбірек қатысып, аттестация кезінде дипломдар жарамсыз болуы мүмкін.

2023 жылғы 30 қаңтар мен 03 ақпан аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (аудандық) кезеңі №4Хромтау орта мектебі базасында өткізілді. Олимпиада қорытындысы бойынша 9 класс оқушысы Қуандықова Сағыныш ІІ-орын (*физика Бағланбаева Г.М.*), 10 класс оқушысы Жақсыбек Бейбарыс ІІІ-орын (*физика Бағланбаева Г.М.*), 11 класс оқушысы Дәулетбай Жанерке (*физика Бағланбаева Г.М.*) Алғыс хатпен, 9 класс оқушысы Жиенбек Карина (*математика Токсамбаева Қ.А.*) Алғыс хатпен, 9 класс оқушысы Мұхамбетәлі Нұрай (*ағылшын тілі Утегенова Г.У.*) Алғыс хат, 10 класс оқушысы Жақсылық Дамира (*ағылшын тілі Утегенова Г.У.*) Алғыс хат, 8 класс оқушысы Айтұған Аяна (*қазақстан тарихы Биржанов Р.А.*) Алғыс хат, 11 класс оқушысы Жақсылықова Динара (*биология Жекеева А.Ш.*) Алғыс хат, 11 клас оқушысы Кудайберген Меруерт (*география Жаркимбаева З.С.*) Алғыс хат, 10 класс оқушысы Амангелді Даниал (*информатика Бактыбаева Д.К.*) ІІІ-орын иеленді. Былтырғы 2021-2022 оқу жылындағы жеткен көрсеткіштерге биылғы оқу жылында жете алмады. Алдағы өтетін байқауларға мұғалімдер оқушылармен тығыз байланыста жұмыс жасауы қажет.

**6-мәселе бойынша:** Мектеп психологы : Каймолдина М.Е. «Буллинг, кибербуллинг жағдайларын алдын алу жолдары.» Буллинг –басқа адамның жанын ауырту мақсатында агрессияны қолдау. Қорлау жәбірленушіге ауыртпалық пен қайғы әкеледі. Оның агрессив мінез-құлықтың басқа түрлерінен ерекшелігі –бірнеше рет қайталанатын және адамға немесе топқа бағытталады. Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдірді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Буллинктің түрлері: қарым-қатынаста, физикалық, жыныстық қатынас, вербалды, кибербуллинг, экономикалық-материалдық буллинг.

Кибербуллинг –электрондық желі қолдау арқылы контакт, вацап, инстаграмм, фейсбук арқылы жасалған агрессивті қасақана әрекет өзін қорғай алмайтын жәбірленушіге қатысты бірнеше рет қайталанатын байланыс нысандары.

Егер сен кибербуллингке тап болсан мынадай әрекет жаса:

Әлеуметтік желіде сол адамды бұғатта; әлеуметтік әкімшісіне сен туралы айтылған постқа шағым келтір;

Бұл жағдайда сені қолдап, не істеу керектігі жөнінде ақыл -кеңес бере алатын ересектерге ата-анаңа, қамқоршыңа, мұғаліміне айт;

Біраз уақытқа интернеттен шығып, өзің ұнайтын нәрселермен айналыс.



Алдын алу бойынша кеңестер:

Балаларға интернетте өзара достасу кезінде басқа қолданушылармен достық қарым қатынаста жасамау керектігін түсіндіріңіз;

Ешбір жағдайда дәрежі қорлаушы сөздер жазуға болмайтынын ескертеміз және ескереміз; Интернеттегі қорлау шынайы өмірге енгеніне сену керек. Егер кіретін қауіп қатерлерге жеткілікті дәрежеде баланы қарсы тұруға үйретсеңіз қорғанып, кибербуллингтан сақтай аласыздар.

Сонымен қатар егерде білім алушы осындай жағдайларға тап болса, білім алушы сынып жетекшісіне, ата-анасына немесе психологтан көмек сұрау қажет.

**7-мәселе бойынша:** Мектептің әлеуметтік педагогы: Мамбетқұлова А.К. «Мұқтаж отбасыларға көмек беру жұмыстары». «№7 Хромтау мектеп - гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (мектеп жанындағы интернатымен) жалпы оқушылардың отбасы жағдайымен танысу жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар негізінде оқушылардың үй-тұрмыс жағдайын тексеру актісі жасалды. Аталмыш жоспарға сәйкес оқу жылы басында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды және мектеп директорымен бекітілді. Жалпы мектеп бойынша оқушылар саны – 608 (отбасы саны - 317). Оның ішінде, жетім оқушылар саны – 2, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны – 1, аз қамтылған отбасы саны - 18, оқушылар саны – 36, көпбалалы отбасы саны – 85, оқушы саны – 382, толық емес отбасы (заң жүзінде ажырасқан/жалғызділікті аналар) – 34, ондағы оқушылар саны – 73, жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар (әкесі/анасы қайтыс болған) – 11 (бала саны - 26), АПБ есебінде тұрған оқушылар – 2, өгей әке-шешесімен тұратын оқушылар – 21 (отбасы саны - 11), атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны - 4 (отбасы саны - 1), ата - аналарының мүгедектігі бар отбасылар - 4 (бала саны - 9), ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны - 5.

1. Жыл бойы жалғасын табатын «Мектепке жол» республикалық акциясы №7 Хромтау мектеп - гимназиясы бойынша 3 тоқсанда да өз жалғасын тапты. Жалпы саны бастауыштың 4 оқушысына 280.000 теңге көлемінде қысқы киім (куртка, шапка, шарф, қолғап, гамаж, жемпір, футболка) көмек көрсетілді.

2. III - тоқсан бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 36 оқушыны құрады. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 14 болса, 5-9-11 сынып оқушыларының саны 22 құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы. Оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды. Ақпан айында “Дұрыс тамақтану - деңсаулық кепілі” атты 10 күндігі ұйымдастырылды. Көркем еңбек пәні мұғалімдері және класс жетекшілер “Ас - адамның арқауы” деңсаулық бұрышын ұйымдастырды. Мектеп медбикесі мен әлеуметтік педагог тамақтану сапасына ата - аналармен мониторинг жүргізілді. 1 сынып оқушыларына қысқы демалысты тиімді пайдалану мақсатында “Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты” атты эстафета ұйымдастырылды. Мектеп медбикесі “Дұрыс тамақтану - деңсаулықтың басты кепілі” атты оқушыларға баяндама оқыды. Барлық кластарда “Дұрыс тамақтану пирамидасы және ережелері” атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Онкүндіктің соңғы күніне “Тәтті бауырсақ” байқауы өткізілді.

## **Шешім:**

1. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы аясында, атқарылып жатқан іс-шаралар жалғасын тапсын.
2. - білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
  - жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
  - жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
  - жүйелі кері байланысты ұйымдастыру;
  - оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.).
3. Құқық бұзушылық, кешкі мезгілдегі рейдке түсіп қалмауы үшін, оқушылар қатаң қадағалауға алынсын. Өтіп жатқан шараларға барлық сыныптардың қатысуы қадағалансын.



- №7 Хромтау мектеп-гимназия директоры: Э.К. Культаева  
Хатшы: А.Байдуллаева

